

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Мағпарова Ақбота Бисенбайқызы

akbotamagparova@icloud.com

«Журналистика және ақпарат» бағдарламасының 4 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, сеньор-лектор, магистр - Нұрланова Н.Н.

Экологиялық мәселелердің жаһандық сипат алуы қазіргі ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының жауапкершілігін арттырды. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы, биологиялық әртүрліліктің азаюы және экологиялық қауіпсіздік мәселелері қоғамдық пікірдің басты тақырыптарына айналды. Осы үдерісте экологиялық журналистика қоғам мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіретін маңызды коммуникациялық механизм ретінде қалыптасты. Зерттеудің мақсаты – экологиялық журналистиканың қалыптасу тарихын, даму кезеңдерін және қазіргі трансформациялық үрдістерін ғылыми тұрғыда талдау. Зерттеу міндеттері: экологиялық журналистиканың теориялық негіздерін айқындау; тарихи кезеңдерін жүйелеу; Қазақстандағы даму ерекшеліктерін көрсету. Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-талдамалық және контент-талдау әдістері құрайды.

Экологиялық журналистика - қоршаған ортаға қатысты ақпаратты жинау, талдау және қоғамға жеткізуге бағытталған кәсіби коммуникация саласы. Ол қоршаған ортаның ахуалы, табиғи ресурстарды пайдалану, климаттың өзгеруі, төтенше экологиялық жағдайлар, экосаясат және тұрақты даму мәселелерін жариялау арқылы қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етеді. ХХІ ғасырда экологиялық қауіптер күшейген сайын бұл журналистиканың маңызы артты. Қазақстанда да экологиялық БАҚ-тың кәсіби деңгейі біртіндеп нығайып, жаңа бағыттар пайда болды.

Экологиялық журналистиканың пайда болуына табиғат пен қоғам арасындағы қатынастардың күрделенуі әсер етті. ХХ ғасырдың екінші жартысында әлемде өнеркәсіптің дамуы, ауа мен су ресурстарының ластануы, радиоактивтік қауіп, биологиялық әртүрліліктің азаюы сияқты мәселелер ақпараттық кеңістіктің негізгі тақырыбына айнала бастады. 1960-1970 жылдары Батыс елдерінде алғашқы экологиялық қозғалыстар қалыптасып, БАҚ бұл мәселелерді ғылыми тұрғыдан жариялай бастады. 1970 жылы АҚШ-тағы алғашқы Жер күні экожурналистиканың институционалдық дамуына серпін берді. Осы кезеңде экожурналистиканың жеке жанр ретінде қалыптасуы ғылыми зерттеулермен қатар жүрді.

Алғашқы кезеңді 1960-1980 жж. деп қарастырамыз. Бұл кезеңде журналистер көбіне табиғи апаттар мен экологиялық дағдарыстарды ақпараттандырумен шектелді. Материалдар деректік сипатта болып, терең талдау аз болды. Ол кезде басты мақсат - экологиялық проблеманы қоғам назарына жеткізу.

Зерттеуші Ұ. Асқарованың деректеріне сүйенсек, ғалымдар экология ғылымының мәні мен мазмұнын әрқилы түсіндіріп, оған түрліше ғылыми баға беріп келеді. Бірқатар зерттеушілер экологияны салыстырмалы түрде жаңа ғылыми бағыт ретінде қарастырады. Ал неміс ғалымы Эрнест Геккельдің пікірінше, ХХІ ғасырда экологиялық мәселелерді қамтымайтын ғылым саласы жоқ. Осыған байланысты экологияны ғылымдардың өзегі, кешенді ғылым деп атауға негіз бар.

Қазақ халқы ежелден табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ерекше мән берген. Көшпелі өмір салтын ұстана отырып, табиғатты қорғау мен аялаудың өзіндік тиімді тетіктерін қалыптастырған. Табиғат пен адам арасындағы ажырамас байланысты болашақ ұрпақ санасына сіңіруді өмірлік қағидаға айналдырған [2,36].

Келесі кезеңді талдаушылық кезең деп қарастырдық (1980-2000 жж.). Табиғатты қорғау қозғалыстары күшейіп, БАҚ-та аналитикалық жанрлардың қатары көбейді. Бұл уақытта ғылыми түсіндіру материалдары, сараптамалық сұхбаттар, зерттеу мақалалары пайда болды. Экологиялық журналистика саясат, экономика, медицина және әлеуметтік ғылымдармен байланыса бастады.

«Алаш айнасы» газетінің 2010 жылғы 2 маусымдағы санында «Арал қасіреті бүкіл әлемдік мәселеге айналу алдында» атты сұхбат жарық көрді [3]. Аталған материалда Арал теңізінің жойылу қаупі және оның зардаптарымен күресудің өзектілігі кеңінен сөз етіледі. Проблемалық сипаттағы бұл жарияланымда Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылу тарихына тоқталып, теңізді сақтап қалуға бағытталған негізгі міндеттер мен мақсаттар талқыланады. Сұхбат барысында Халықаралық Аралды құтқару қоры атқару комитетінің төрағасы Сағит Ибатуллин Арал теңізіндегі экологиялық апаттың ауқымы тек Қазақстан шеңберімен шектелмей, қазіргі таңда жаһандық деңгейдегі өзекті мәселеге айналғанын атап өтеді.

Кәсібилену кезеңінің ерекшелігі (2000 жылдан бүгінге дейін) мультимедиялық форматтардың дамуы мен деректер журналистикасының қолданылуы, климаттың өзгеруі мәселелерінің медиа күн тәртібіне шығуы, экоблогинг пен мобильді журналистиканың кеңеюінде. Экологиялық журналистика тек ақпарат таратушы емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастырушы құралға айналды. Бұл кезеңде экологиялық тақырыптар тек жаңалық деңгейінде емес, терең талдау, сараптама, дерекке сүйенген зерттеу ретінде жарияланды. Мысалы, «Айқын» газетінде экология тақырыбы тұрақты айдар ретінде қалыптасты. 2013 жылы эколог-ғалым, қоғам қайраткері Мэлс Елеусізov берген сұхбатында экологиялық ақпараттың қоғамға әсерін былай сипаттайды: «Экология - бір ғана табиғат мәселесі емес, бұл ұлт денсаулығының, болашақ ұрпақ тағдырының мәселесі. Бұны қоғамға жеткізетін негізгі күш - жауапты журналистика», [6,102] - дейді М. Елеусізov.

Қазақстандағы экологиялық журналистиканың қалыптасуындағы кеңес кезеңі (1950-1991 жж.). Қазақстан аумағында экологиялық проблемалар аса өзекті болды: Арал теңізінің тартылуы, Семей ядролық полигоны, өндірістік аймақтардағы ластану. Кеңестік цензураның салдарынан бұл мәселелер ашық жазылмады, алайда ғылыми-популярлық бағыттағы алғашқы мақалалар жариялана бастады. Сол кезеңде журналистер экологиялық апаттың нақты себептерін емес, оның салдарын жанама түрде көрсетуге мәжбүр болды. Табиғатты қорғау мәселелері «табиғатты тиімді пайдалану», «өндірісті жетілдіру» ұғымдарымен шектеліп отырды. Мысалы, 1970-1980 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде Арал өңіріне қатысты мақалалар жарияланды. Алайда оларда теңіздің тартылуы «табиғи қиындық» немесе «су тапшылығы» ретінде көрсетіліп, негізгі себептер ашық айтылмады. Академик, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов кейін бұл кезеңді былай сипаттайды: «Семей полигоны мен Арал қасіреті туралы шындықты айтуға кеңестік цензура мүмкіндік бермеді», - деп жазады М. Шаханов. Тағы бір мысал айта кетсек, Семей ядролық полигоны. 1950-1980 жылдары бұл тақырып БАҚ-та мүлде жабық болды. Тек 1989 жылы «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы құрылғаннан кейін ғана ақпарат ашық айтыла бастады.

Кеңес кезеңінен кейін тәуелсіздік кезеңі (1991-2000 жж.). Тәуелсіздік алғаннан кейін экологиялық журналистика жаңа мазмұнға ие болды. БАҚ-та Семей полигонының зардаптары, Арал өңірінің экологиясы, өндірістік қалдықтар жайлы материалдар ашық жарияланды. Қазақстанда табиғатты қорғау бағытындағы қоғамдық ұйымдардың көбеюі медианың дамуына ықпал етті. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінде экологиялық журналистика қоғамдық сана қалыптастыру міндетін атқарды. Журналистер экологиялық апаттардың тек салдарын ғана емес, олардың себептері мен жауапты құрылымдарды да көрсетуге ұмтылды. Мысалы, жазушы әрі қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 1991 жылдан кейінгі мақалаларында Арал мен Семей мәселесіне қатысты өз ойын ашық білдіріп: «Экологиялық қасіреттер - кеңестік жүйенің ауыр мұрасы, ал оны жасыру емес, айту ғана

емдейді», - деп жазды[12]. Сондай-ақ сол кезеңдегі баспасөз беттерінде экология саласындағы заңнамалық бастамалар талқыланды. Эколог, қоғам белсендісі Мэлс Елеусізov тәуелсіздік жылдарының басындағы БАҚ-тың рөлі туралы: «Экология тақырыбы тәуелсіздікпен бірге еркін тыныстай бастады»[5,95], - деп атап өтті. Солайша, тәуелсіздік кезеңі Қазақстандағы экологиялық журналистиканың ашықтыққа, сыншылдыққа және қоғамдық жауапкершілікке бет бұрған уақыты болды.

Институционалдық даму кезеңі (2000-2015 жж.). Бұл кезеңде Қазақстандағы экологиялық журналистика жеке бастамалар деңгейінен кәсіби және жүйелі институтқа айнала бастады. Экологиялық тақырыптар бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты айдарлар арқылы жарияланып, «экологиялық баспасөз» ұғымы қалыптасты. Журналистер мен эколог-ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастық нығайды. Осы жылдары экология саласына қатысты мемлекеттік бағдарламалар мен заңдар қабылданып, БАҚ оларды талдау мен түсіндіруді қолға алды. Экологиялық мәселелер тек апат ретінде емес, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық денсаулық және тұрақты даму тұрғысынан қарастырыла бастады. Мысалы, «Экологический курьер», «Жасыл экономика», «Айқын», «Егемен Қазақстан» басылымдарында экологияға арналған арнайы беттер ашылды. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған бір сараптамалық мақалада эколог Мэлс Елеусізov былай дейді: «Экология мәселесі мемлекет саясаты мен қоғам бақылауынан тыс қалмауы тиіс» [6,62]. Институционалдық даму кезеңінде экологиялық журналистика кәсібиленіп, арнайы айдарлар мен басылымдар пайда болды. Журналистер экологтармен бірлесе жұмыс істеп, экологиялық заңнама мен мемлекеттік бағдарламаларды қоғамға түсіндіре бастады.

Сандық медиа кезеңі 2015 жылдан бүгінге дейін дамуы. 2015 жылдан бастап Қазақстандағы экологиялық журналистика сандық технологиялардың ықпалымен жаңа деңгейге көтерілді. Интернет-басылымдар, әлеуметтік желілер мен мультимедиялық платформалар экологиялық ақпаратты таратудағы негізгі арнаға айналды. Бұл кезеңде экологиялық тақырыптар жеделдікпен қатар дерекке негізделу, визуализация және интерактивтілік арқылы ұсыныла бастады. Сандық медиа кезеңінің басты ерекшелігі - деректер журналистикасының дамуы. Экологиялық көрсеткіштер инфографика, цифрлық карта, диаграмма арқылы беріліп, күрделі ғылыми ақпарат аудиторияға түсінікті форматта жеткізілді. Сонымен қатар экоблогинг, подкаст, ТікТок форматындағы қысқа видеолар кеңінен тарады. Сандық медиа кезеңінде экологиялық журналистика азаматтық журналистикамен тығыз байланыса бастады. Қарапайым тұрғындар экологиялық заңбұзушылықтарды фото және видео арқылы әлеуметтік желілерде жариялап, кәсіби журналистік зерттеулерге түрткі болады. Бұл экологиялық мәселелерді жариялауда қоғамдық бақылаудың күшеюіне ықпал етті. Алайда сандық медиа кезеңі бірқатар қиындықтарды да алып келді. Ақпараттың шамадан тыс көптігі, фейк жаңалықтардың таралуы және ғылыми деректердің бұрмалануы экологиялық журналистерден жоғары кәсібилік пен дереккөздерді мұқият тексеруді талап етеді. Сондықтан қазіргі экологиялық журналистикада ғылыми сараптамаға, ресми статистика мен халықаралық ұйымдардың деректеріне сүйену маңызды қағидаға айналды.

Қазіргі кезеңде экологиялық журналистика ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты жаңа мазмұн мен формаға ие болуда. Экологиялық мәселелерді жариялау дерекке негізделген, визуалды және қоғамды әрекетке бағыттайтын сипатқа ие болып отыр. Бірінші маңызды тенденция - деректер журналистикасының дамуы. Экологиялық көрсеткіштер (ауа сапасы, су деңгейі, климаттық өзгерістер) ашық дереккөздер арқылы жинақталып, инфографика, интерактивті карта және диаграммалар көмегімен ұсынылады. Бұл аудиторияға күрделі ғылыми ақпаратты түсінікті түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Екінші тенденция - климаттық журналистиканың күшеюі. Климаттың өзгеруі, құрғақшылық, су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық мәселелер ұлттық және аймақтық деңгейде талданып, журналистік зерттеулердің негізгі тақырыбына айналды. Үшінші бағыт - фактчекинг пен медиасауаттың маңыздылығының артуы. Экология саласында жалған ақпараттың көбеюі журналистерді деректерді мұқият тексеруге және

ғылыми дереккөздерге сүйенуге мәжбүр етуде. Төртінші тенденция - мультимедиалық сторителлинг. Мультимедиалық сторителлинг – бұл оқиғаны тек мәтін арқылы емес, бірнеше медиа форматты біріктіріп баяндау тәсілі. Видео, подкаст, анимация, фотожоба және инфографика арқылы экологиялық тақырыптар эмоциялық әрі әсерлі форматта жеткізіледі. Бесінші тенденция - қоғамдық қатысу мен азаматтық журналистиканың дамуы. Әлеуметтік желілер арқылы қарапайым азаматтар экологиялық проблемаларды көтеріп, журналистермен бірлесе қоғамдық бақылау тетігін қалыптастыруда. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанның батыс өңірінде, соның ішінде Атырау қаласында Жайық өзенінің су деңгейінің төмендеуі мен балықтың жаппай қырылуы туралы бейнематериалдар тұрғындар тарапынан Instagram және Facebook желілерінде жарияланды. Алғашында бұл деректер ресми ақпаратта толық көрініс таппағанымен, желідегі қоғамдық резонанс нәтижесінде кәсіби журналистер мәселені зерттеп, сарапшылар пікірін алып, арнайы репортаждар әзірледі. Соның негізінде уәкілетті органдар тексеріс жүргізіп, экологиялық ахуал қоғамдық талқыға түсті. Тағы бір мысал – Алматы қаласындағы ауаның ластануы мәселесі. Қала тұрғындары ауа сапасын өлшейтін тәуелсіз құрылғылардың көрсеткіштерін әлеуметтік желіде жариялап, экологиялық белсенді топтар құрып, деректерді жүйелі түрде бөлісіп отырды. Нәтижесінде бұл мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланып, сараптамалық мақалалар мен телесюжеттер дайындады. Осылайша, азаматтық бастама кәсіби журналистикамен ұштасып, қоғамдық қысым механизміне айналды. Демек, азаматтық журналистика – тек ақпарат тарату құралы емес, ол қоғамдық бақылаудың, транспаренттіліктің және билік пен қоғам арасындағы кері байланыстың маңызды институтына айналып отыр[11]. Осы тенденциялар экологиялық журналистиканың қоғаммен тығыз байланыста дамып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы рөлін күшейтіп отырғанын көрсетеді.

Қорытынды

Экологиялық журналистика - заманауи ақпараттық кеңістіктің маңызды әрі қарқынды дамып келе жатқан саласы. Оның басты міндеті - қоғамға дәл, ғылыми негізделген ақпарат жеткізу және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Қазақстанда экологиялық журналистика бірнеше кезеңнен өтті: кеңес кезеңіндегі цензуралық шектеулер, тәуелсіздік жылдарындағы ашықтық пен сыншылдық, институционалдық даму және сандық медиа кезеңі. Әр кезең экологиялық тақырыпты жариялаудың мазмұны мен формасына өзіндік ықпал етті. Қазіргі таңда экологиялық журналистика деректер журналистикасы, климаттық журналистика, фактчекинг және мультимедиалық сторителлинг арқылы кәсіби деңгейге көтерілді. Ол тек ақпарат таратушы ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын, қоғамдық бақылауды күшейтетін әлеуметтік институтқа айналды. Қазақстанда бұл бағыт қиындықтарға қарамастан кәсібилену сатысына өтті. Болашақта деректерді визуалдау, цифрлық медианың дамуы және климат тақырыбы экожурналистиканың жаңа белесін қалыптастыратыны анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Блэк, Дж. Environmental Journalism: Principles and Practices. New York: Routledge, 2019.
2. Асқарова Ұ. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007.
3. «Алаш айнасы» республикалық қоғамдық-саяси газетінде 2010 жылы 2 маусым. https://on.kz/person/aral-qasireti-bukil-alemnin-qasiretine-ainaludyn-aldynda-tur-4694/?utm_source=chatgpt.com
4. Асқарова, Ұ. Экология және қоғам: ғылыми пайымдаулар. — Алматы: Қазақ университеті, 2015.
5. Шаханов, М. Арал қасіреті. — Алматы: Жалын, 1988.
6. Елеусізов, М. Экология және ұлттық қауіпсіздік // Айқын газеті. — 2013.
7. Қирабаев, С. Қазақ баспасөзі және қоғам. — Алматы: Ғылым, 2002.

8. Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан–2030: Экологиялық қауіпсіздік мәселелері. — Астана, 1997.
9. McQuail, D. Mass Communication Theory. — London: Sage Publications, 2010.
10. Anderson, A. Media, Environment and the Network Society. — London: Palgrave Macmillan, 2013.
11. https://kaz.zakon.kz/okiga/6018862-kaspiy-tez-nege-tartylyp-zhatyr-ekologiya-ministrig-zhauap-berd.html?utm_source=chatgpt.com
12. https://e-history.kz/media/scorm/327/394/text/text.htm?utm_source=chatgpt.com